

2022-2023 оқу жылының 1 жартыжылдық  
«Айдабол ауылының ЖОББ мектебі» КММ  
«Жас Ұлан», «Жас Қыран»  
біріккен балалар мен жасөспірімдер  
ұйымының атқарған жұмыстарының есебі

«Жас Ұлан» біріккен балалар мен жасөспірімдер ұйымы -15  
«Жас Қыран» біріккен балалар мен жасөспірімдер ұйымы – 10

Қазақстан балаларының сүйікті Отанының қоғамдық өміріне белсенді қатысуы үшін ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымдары» және «Жас Ұлан» қоғамдық бірлестігі құрылды. Қыркүйек айында «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» белсенділері «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымының ережесі, жарғысы және нышандарымен танысты

«Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымы кеңесінің кезекті міндеттері оқылып, алдағы жұмыстар талқыланды.

Мектептің тазалығы мен көркеюі бойынша жұмыстар жүргізілді, мектеп аумағын тазалауға және көгалдандыруға белсене қатысты.

Қазақ тілі мұғалімдері мен аға тәлімгерлері бірге «Бір шаңырақ астында» Қазақстан халықтарының тілдері күнін мерекелеуге арналған салтанатты жиын өткізілді.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік тіл – менің тілім» байқауы өтті.

Қарттарға көмек көрсету мақсатында қазан айында «Жылдарым – байлығым» акциясы өткізілді, ББЖҰ – ның жалғыз тұратын зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне көмектерін көрсетті.

Сондай-ақ қазан айында «Аяулы ата-әжелер» қарттарды қолдау айлығы өтіп, ата-әжеге сыйға тартылған қолөнер бұйымдары, суреттер, ашық хаттар қойылған көрме ұйымдастырылды.

Мектеп қабырғасында ББЖҰ «Күзгі бал» ұйымдастырып, оған 1-11 сынып оқушылары қатысты.

Оқушылар мерекелік іс-шарада белсене қатысып, қабырға газеттерін жасауда өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Іс-шара барысында қатысушылар тақпақ, ән айтып, би биледі.

2022 жылдың 15 желтоқсанында «Айдабол ауылының ЖОББ мектебі» КММ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығын мерекелеуге арналған салтанатты іс-шара құрметті қонақтардың қатысуымен өтті: ауыл әкімі Водовозовтың Н.Н., педагогикалық еңбек ардагерлері.

Тәуелсіздік күні мерекесіне орай мектепте концерт ұйымдастырылып, оған мектеп оқушылары белсене қатысты.

Іс-шара барысында әндер мен өлеңдер айтылды, Қазақстан халықтарының билері орындалды.

Мерекелік іс-шара барысында тақырыптық бейнероликтер көрсетілді.

Мереке қарсаңында плакаттар байқауы ұйымдастырылып, оның үздіктері мектеп қабырғасына ілінді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу аясында өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімін ояту, көшбасшылық қасиеттерді дамыту мақсатында «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қатары толықтырылды.

5 «А» және «Б» сынып оқушылары «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қосылды.

Мереке қонақтары өз сөзінде Қазақстанның қалыптасқан мемлекетке, саяси маңызы зор елге айналғанын, оның жетістіктері мен бастамалары әлем жұртшылығы мойындағанын атап өтті.

Сондай-ақ, Қазақстанның қысқа тарихи кезеңде елеулі саяси және экономикалық табыстарға қол жеткізгені баса айтылды.

Іс-шара қонақтары «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қосылғандарға төсбелгілерін табыстап, дәстүрлі галстуктарын байлап, шын жүректен құттықтауларын білдірді.

09.12.22 жылы мектеп спорт залында Қазақстан Тәуелсіздік күніне арналған «Дені сау ұлт – салауатты ел» спорттық іс-шара өтті.

1-4 сынып оқушылары қатысты.

Балалар өз командаларының тақырыптық атауларын өздері ойлап тапты.

7-11 сыныптар арасында мерекелер туралы бойынша шағын сайыс өткізілді.

. Айлық барысында патриоттық жауапкершілікті қалыптастыру мақсатындағы іс-шаралар өткізілді.

. Іс-шараларға 1-11 сынып оқушылары белсене қатысты.

Сондай-ақ жасұландықтар мен тәрбие орынбасарымен бірлесе ұйымдастырылған мектеп оқушылары арасында жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік шара өтті.

Жасұландықтар мектептегі іс-шаралардан бөлек, облыстық шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Жалпы, «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының 2022-2023 оқу жылының 1 жартыжылдығы бойынша жұмысы атқарылды.